

Ақмола облысы  
Астрахан ауданы  
«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ КММ»

**«Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық пәні»  
апталығының жоспары**

2024-2025 оқу жылы

# АНЫҚТАМА

«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2024 жылдың (24.10.24-31.10.24) желтоқсан аралығында «Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық пәні» атты тақырыпта өтетін тарих апталығының іс- шаралар жоспары.

**Мақсаты:** Оқушылардың танымдық белсенділігімен шығармашылығын дамытуға ықпал жасау. өткен тарихы туралы мәлімет бере отырып, тарих сабағының маңыздылығын ұғындыра білу, оқушылардың салыстырмалы түрде ойлау, ой түйіндеу, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамыту. Өткеннен күннен өнеге ала отырып, болашаққа бағдар жасай білуге, тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу.

2024 жылдың (24.10.24-31.10.24) қазан аралығында «Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық пәні» атты тақырыпта тарих апталығына орай бекітілген жоспарға сәйкес бір қатар іс- шаралар өткізілді.

24.10.2024 жылы «Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 5-11 сыныптар арасында тарих апталығының ашылуы өтті. Апталықтың ашылуына ұстаздар мен оқушыларға арнап апталықтың жоспары таныстырылды. Апталықтың ашылуында Республика күніне орай 11 «ә» сынып оқушысы Қайролла Ақниет «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында танымдық презентация баяндады. Сонымен қатар тарих апталығының іс-шаралар жоспары таныстырылды.

<https://www.instagram.com/p/DBhJbfsYYB/?igsh=MWE2YTM4b2Y3aXlzag==>



Іс-шараның атауы	Өту мерзімі	Сыныптар	Жауаптылар
Апталықтың ашылуы	24.10.2024	5-11 сынып	Байжуманова.Ж.У Ерлан.М
«Мен елімді сүйемін» (қабарға газетін дайындау)	24.10.2024	5-11 сыныптар	Ерлан.М
«Жүзден жүйрік» интеллектуалды сайыс	28.10.2024 11:00-12:00	7-сыныптар	Ерлан.М
«Мұражайға саяхат»	30.10.2024 10:00-11:00	5- сыныптар	Байжуманова.Ж.У
«Тарих әлеміне саяхат» интеллектуалды сайыс	31.10.2024 10:00-11:00	6-сынып	Байжуманова.Ж.У
«Қазақстан халқының монотникалық құрамының өзгеруі» Ашық сабақ	30.10.24 (05.11.24) 7-сабақ 305 кабинет 13:25-14:10	11«ә» сынып	Ерлан.М
«Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер» Ашық сабақ	31.10.24 (08.11.24) 3-сабақ 305 кабинет 09:50-10:35	10 сынып	Байжуманова.Ж.У
Апталықтың жабылуы		Instagram желісіне жариялау	Байжуманова.Ж.У Ерлан.М

24.10.2024 жылы тарих пәнінің мұғалімі Мөлдіргүл Ерланқызы 5-11 сынып оқушылары арасында «Мен елімді сүйемін» атты тақырыпта сурет көрмесі ұйымдастырды. Негізгі мақсаты көркем шығармашылық арқылы балаларға отан сүйгіштік сезімін

қалыптастыруға және талғампаздыққа тәрбиелеу, өз отанын мақтан тұту сезімдерін қалыптастырумен қатар, рухани ағартуға жағдай жасау. Білім алушылардың өзін-өзі танытуына және эстетикалық-шығармашылық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ туған өлкенің табиғаты мен көрікті жерлерін зерттеуде іздестіру-зерттеу қызметіне тарту арқылы балалардың өздігінен білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. , отансүйгіштік қасиеттерін оятуға шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйрету.

<https://www.instagram.com/reel/DBhJcAPskSr/?igsh=Zmh4ZmFjNjZvczN0>




28.10.2024 жылы тарих пәнінің мұғалімі Мөлдіргүл Ерланқызы «Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-де тарих апталығы аясында білім алушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлығын, жылдамдығын, таным белсенділігін арттыру мақсатында сыныптан тыс іс-



шара ұйымдастырылды. 7 сынып оқушылары арасында "Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар" интеллектуалдық сайыс- ойыны өткізілді. Мақсаты: балалардың тарихи танымдық деңгейін көтеру, жан-жақты болуға үйрету, ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа, шапшаңдыққа баулу, балаларды озық ойлы оқушы болуға тарту. Балалар белсенді қатысып тарихи танымдық көкжиектерін кеңейтті. Сайыс нәтижесі бойынша: "Бәйтерек" тобы 1 орын, "Сұңқар" тобы 2 орынмен марапатталды. Өткізген: Мөлдіргүл Ерланқызы.

<https://www.instagram.com/reel/DCOilt6tG2q/?igsh=eHAYNDRyeWN6ZjU3>



### Мақсаты:

- Топта бірлесе жұмыс істеуге, ба адамның жұмысын бағалауға үйрету;
- Қатысушылардың шеберліктер тапқырлықтарын бақылау;
- Ұйымшыл болуға, жауапкерші тәрбиелеу.



30.10.2024 жылы тарих пәнінің мұғалімі Ж.У. Байжуманова Астрахан ауылының №1 ЖОББМ"КММ-нің 5 сынып оқушыларын, Астрахан ауданымыздың тарихи-өлкетану, мұражайына апарып саяхат жасап көптеген пайдалы ақпараттармен таныстырылды. Мұражайда Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің фотосуреттері, еңбектері жазып қалдырған қағаздары сақталған, ауданың құрылуы мен қалыптасу кезеңдері, ұлттық құрамы сонымен де таныс болды.

<https://www.instagram.com/reel/DB6lRposUDk/?igsh=MTh3aXRwMjVqM2RmMQ==>






31.10.2024 жылы тарих пәнінің мұғалімі Ж.У. Байжуманова Астрахан ауылының "Н1ЖОББМ" КММ-нің тарих апталығы аясында 6-сынып оқушыларымен "Тарих әлеміне саяхат" интеллектуалды сайыс өткізді. Мақсаты оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру елінің жерінің қадір қасиетін білуге құндылығын түсінуге шығармашылық қабілеттерін дамытуға үйрету.

<https://www.instagram.com/reel/DB-qPC2sKRf/?igsh=Nm05djdIMG9sOXBx>



Тарих апталыңғы аясында 05.11.2024 күні тарих пәнінің мұғалімі Мөлдіргүл Ерланқызы Астрахан ауылының №1 ЖОББМ" КММ-нің 11 «ә» сынып оқушыларымен **"Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі"** атты тақырыпта ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: 1.Білімдік: Оқушыларға Қазақстан халқының моноэтникалық өзгеруі және өзгеру үзірістерін түсіндіру. Полиэтникалық құрамға қалай өзгергені туралы мағлұмат беру. 2.Дамытушылық: Қазақстан халқының этникалық және әлеуметтік саяси үдірістерінің бүгінгі Егемен еліміздің тарихындағы алатын орнын айқындау. 3.Тәрбиелік: Отаншылдыққа елжандылыққа тәрбиелеу. Сабақ барысында жаңаша технологиялар, сыни-тұрғысынан ойлау, АКТ технологиялары қолданылды. Балалармен жеке, жұптық және топтық жұмыстар жүргізілді. Оқушы мен мұғалім арасындағы байланыс және кері байланыс әрекеттері толығымен қамтылды. <https://www.instagram.com/reel/DCOirl-tr3m/?igsh=MTVzemd1OG5mNHM0bg==>





08.11.2024 жылы тарих пәні мұғалімі Байжуманова Жумагуль Уалихановна "Астрахан ауылының N1 ЖОББМ" КММ-нің 10-сынып оқушыларымен тарих апталығы аясында Қазақстан тарихынан " Қазақстандағы этногенез және этникалық процестер" атты ашық сабақ өткізілді мақсаты:Қазақстандағы этникалық процестердің сабақтастығын анықтау Қазақстан аумағындағы этногенездің кезеңдерін талдау.Топтық,жеке жұмыстар беріліп оқушылар белсенді қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DCLwV3kM1e4/?igsh=MTlkZmdncmc4cGVleA==>

